

*Бекітемін:
«Күншуақ» жеке меншік
бөбекжай- балабақшасы»
мекемесінің әдіскері
А.Ә.Жақсылықова*

" Тәуелсіздік тұғырым! "

(МАТ «Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған мерекелік ертеңгілігі)



*Тәрбиеші: Жамшова Г
Орысбаева А*

Таушық ауылы, 15.12. 2023 жыл.

«Тәуелсіздік – тұғырым!»

Мақсаты: балаларға Отан , рәміздер, елбасы, желтоқсан оқиғасы , Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп тақпақ айту арқылы еліне , Отанына , елін сүйуге тәрбиелеу.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме балалар, ұстаздар! Бүгінгі 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік-тұғырым» атты мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Желтоқсан-ау , ұмытылмайсың жүректе

Ұрпақ өсер айналатын тірекке

Егемендік тиді міне еншіме,

Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке.

Тәуелсіздігіміз баянды болсын дей отырып, «Тәуелсіздігіміз-т ірегіміз!» атты ертеңгілігімізді Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашайық.

Хор: Әнұран.

Жүргізуші: Жарайсыңдар , балалар!

- Балалар біздің Отанымыз қалай аталады?
- Қазақстан Республикасы.
- Қазақстан қандай мемлекет?
- Қазақстан Тәуелсіз елді мемлекет.
- Рәміздерімізге нелер жатады?
- Ту, Елтаңба, Әнұран.
- Ұлтымыз қалай аталады?
- Қазақ.
- Қазақстан Республикасының президенті кім?
- Қасым Жомарт Тоқаев.
- Балалар біз қандай ауылда тұрамыз?
- Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылында тұрамыз.

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Міне біз бүгін Тәуелсіздік алған күнімізді мерекелеудеміз. Біздің ел тәуелсіз ел болғандықтан өз мемлекеттік туы , елтаңбасы, әнұраны бар. Қазіргі кезде сендер ашқы бейбіт аспан , жарық күн сәулесі түсіп тұрған мемлекетте өмір сүріп жатырсыңдар! Кең байтақ Отанымызға арнаған өлең шумақтарымызды қабыл алыңыздар!

Тақпақтар: Жанәли , Сайда, Айназ .

Жанәли:

Отаным менің Қазақстан
Мәңгілік сенімен мақтанам
Саянда жүрсем әрдайым
Күлімдеп жүрем бақ табам.

Отаным менің Қазақстан
Қарызбын саған әрқашан
Азаматтық борышты
Өтеуге мәңгі талпынам.

Отаным менің Қазақстан
Атыңнан сенің айналам
Бас иіп саған өтемін
Жасай бер жаса Қазақстан.

Сайда

Отан деген берекелі отбасы,
Сүйер оны адамзаттың баршасы.
Мен бақытты бүлдіршінмін бүгінде,
Жоқ қой оған ешкімнің де таласы.
Бұның бәрі татулықтың арқасы,
Тәуелсіздік—елдігімнің бастауы.

Айназ

Он алтыншы желтоқсан,
Тәуелсіздік алған күн.
Мерекеге ел тосқан
Атамменен барған күн.

Аралаймын алаңды
Тәуелсіздік күні мен
Батыр Қайрат ағамның
Муретіне үңілем.

Мерекеге шығады,
Бүкіл халық , біліп қой
Отандастар ұғады
Тәуелсіздік ұлық той.

Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн,
Мерекеге ел тосқан
Шырқатып ән салған күн.

Жүргізуші: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.Шешіп көремізбе?

Жұмбақ:

Еліміздің бұл бағы,
Оны ақындар жырлады.
Күш береді біздерге,
Биікте оның тұрғаны .
(ТУ)

Елемейді ол күнді,
Елемейді ол түнді.
Өзен емес, көл емес,
Желді күні толқынды.
(ТУ)

Жүргізуші: Балалар біздің рәміздермізге нелер жатады?

Балалар: Ту,Елтаңба,Әнұран.

Жүргізуші: Туымыздың түсі қандай?

Балалар: Көк.

Жүргізуші: Туымызда не бейнеленген?

Балалар: Күн, қыран құс, ою.

Жүргізуші : Жарайсыңдар, енжеше «Ер Төстік» тобының «Көк тудың желбіреуі» әнін қабыл алыңыздар!

Ән : Көк тудың желбіреуі.

Жүргізуші: Бабаларымыздың қанымен , білегінің күшімен , найзасының ұшымен келген киелі де қасиетті тәуелсіздіктің қандай қиындықпен келгені баршамызға мәлім, іздің ең киелі , ең қасиетті ұғымымыз – Тәуелсіздік. Талай ғасырлар қойнауында көз жіберіп қарасаңыз , осынау тәуелсіздіктің қандай қиыншылықпен , қандай азаппен келгенін түсінеміз. Отан, туған ел, халық ұғымын тәуелсіздіктен бөліп қарастыра алмаймыз. Барлығы тамырлас, бір-бірімен байланысып жатқан өзегі бір ұғым. Тәуелсіздіктің иесі-халық, халықтың анасы –Отан. Осы Қазақстан елін Тәуелсіздік алып берген ата-бабамызға мың алғыс айта отырып бір минут еске аламыз.

Жүргізуші:

Тәуелсіздік оңайлықпен келмейді.

Бізге оны ешкім аяп бермейді.

Тәуелсіздік – Қайрат, Лаззат , Ерболдың,

Қас көшеде тас-талқан боп өлгені-дей келе бүлдіршіндеріміздің тәуелсіздік туралы өлеішумақтарын қабыл алыңыздар!

Ғибратолла

Тәуелсіздік- тартуы ол тәңірдің,
Тәуелсіздік – маңдайдағы бағым бұл.
Тәуелсіздік- сыбағасы халөымның,
Тәуелсіздік – таймайтұғын тағым бұл.

Жәдігер

Тәуелсіздік еліміздің ,
Қуанамыз күнде біз.
Ата-бабам қалдырған ,
Қазақтың біз батырымыз сенсеңіз.

Аяулым

Тәуелсіздік – тәубе екен бүгінде ,
Тәуелсіздік- тәубе сенің барыңа .
Тәуелсіздік әр сәбидің үнінде
Тәуелсіздік әр қазақтың жанында!

Мұрагер

Тәуелсіздік тағы атты,
Барлық әлем жаңарып.
Осы тұрған халқыма
Бейбітшілік орнады.

Жүргізуші:

Еркіндігім ,
Қасиетім ,
Қастерлім,
Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң!
Кеше сенің келбетінді арман ғып ,
Боданына бұғауландық басқа елдің .
Бабалардың басын тігіп бәйгеге,
Аналардың жанарына жас бердің!
Уа , еркіндік , қош келдің! –дей келе ертеңілігімізді «Тәуелсіздік ұраны» әнімен аяқтаймыз.

Нұрсұлтан

Тәуелсіздік тақтанышым,
Бізге бақыт сыйлаған
Бейбіт күнде мен тынышпын
Әрбір таңым нұр маған.

